

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № а-9/381 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қыркүйекте № 8035 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.М. Әбіловаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 01 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Степногорск қаласының әкімі

Е.Баяхметов

Степногорск қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 16 қыркүйектегі
№ а-9/381 қаулысымен
бекітілген

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Ұйымның атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)		Б і р тәрбиеленушіге ай ы н а жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)
			3 жасқа дейін	3-тен 7 жасқа дейін	
1	Степногорск қаласы білім бөлімінің жанындағы "Нұршуақ" бөбекжай-балабақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	280	11270	13910	34025
2	"Степногорск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы инклюзивті білім беретін "Балауса" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	200	11270	13910	34025

3	"Степногорск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы инклюзивті білім беретін "Балауса" бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	45	11270	13910	54289
4	Лагута Светлана Васильевна ЖК	165	11270	13910	34025
5	"Бексултан" ЖК	75	11270	13910	34025
6	Кабикеева Г.С. ЖК	150	11270	13910	34025
7	инара ЖК	75	11270	13910	34025
8	Есжанова Фарида Боташқызы ЖК	30	11270	13910	32912
9	Степногорск қаласының білім бөлімінің "Ақсу кентінің № 2 орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы "Балдәурен" шағын орталығы	40	11270	13910	32912
10	Степногорск қаласының білім бөлімінің "Степногор ауылының орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы "Қарлығаш" шағын орталығы	20	11270	13910	36815

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖК – жеке кәсіпкер.